



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
№ 27.07.2020 г.с

**Тұрақты комиссияның
2020 жылғы 27 шілдедегі
қаулысы**

**Қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 448/62-V «Астана қаласында қаңғыбас иттер мен
мысықтарды аулау және жою қағидалары туралы»
шешімін іске асыру барысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 448/62-V «Астана қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары туралы» (бұдан әрі – Қағида) шешімін іске асыру барысы туралы» ақпаратты тыңдап, талқылағаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласының атқарушы органдары жоғарыда аталған Қағидаларды іске асыру үшін өткен кезең ішінде біраз жұмыстар атқарғанын атап өтті.

Елорданың ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру функцияларын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органының уәкілетті органы «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) болып табылады.

Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою функцияларын орындау мақсатында елорданың жергілікті атқарушы органы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана ветсервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын (бұдан әрі – Астана ветсервис) құрды.

Басқарма және Астана ветсервис елорда тұрғындарының өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеу үшін елордадағы қолайлы эпизоотиялық жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүргізуде.

Аулау уәкілетті орган бекіткен және азаматтардың өтініші бойынша қаңғыбас жануарларды аулау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жергілікті бюджеттен жыл сайын 025 «Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаңғыбас жануарларды аулауға қаржы бөлінеді.

2017 жылы 6 259 бас қаңғыбас жануарларды аулауға, 1332 бас жануарды ұстауға және 238 бас жануарды жоюға жергілікті бюджеттен 58 851 784 теңге бөлінді.

000140

2018 жылы қаңғыбас жануарларды аулауға, ұстауға және жоюға жергілікті бюджеттен 80 464 000 теңге, 2019 жылы – 107 081 425 теңге бөлінді.

Осылайша, елордада қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және ұстау шығындары жыл сайын артып келеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен қызметтердің сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитетінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 01-21/ЖТ-Н-1048 ұсынған статистикасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласында қауып алу, тырналау мен сіпекейден зардап шеккендер саны жыл сайын артып келеді.

Бұл фактіні әсіресе коронавирустық пандемия кезінде елеусіз қалдыруға болмайды, өйткені балалар мен ересектер, қоғамдық денсаулық сақтау үшін жануарлардың қауып алуы едәуір проблема болып табылады және адамдарға вирустық, бактериялық және паразиттік инфекциялардың таралуымен де қауіпті.

Елордадағы қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын реттеу және қаңғыбас жануарларға дұрыс күтім жасау стратегиясын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен қызметтердің сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитетінің қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және күтім жасау жөніндегі ұсыныстарын ескеру қажет. Ұсыныстарға сәйкес 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде карантин, егу және басқа да шаралар толығымен қамтамасыз етіледі, бұл эпизоотияға қарсы жағдайды бақылауға және жануарды орналастыру бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні Астана қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою ережелерінің 27-тармағына сәйкес, талап етілмеген қаңғыбас және қараусыз қалған жануарлар екі ай өткен соң үшінші тұлғаға немесе кейіннен ұстау үшін паналау орнына беріледі.

Астана ветсервис қараусыз қалған қаңғыбас иттер мен мысықтарды жайғастыру мақсатында әлеуметтік желілер арқылы фото және бейне материалдарды жариялауда, жануарлар жәрмеңкелерін өткізуде және жануарларды қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен (жануарларды қорғаушылармен) тығыз байланыста бірқатар жұмыстар жүргізуде.

Мамандандырылған ұйымның қызметкерлері ауланған жануарларды беру мақсатында қоғамдық ұйыммен жануарлардың сақталуын және оларға тиісті күтімді қамтамасыз етуді көздейтін шарт жасасты.

Тәжірибелі экологтар қауымдастығы жергілікті атқарушы органның қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес елордада иттерді еркін серуендетуге арналған орындарды құру бойынша шаралар қабылдамағанына наразылықтарын білдіруде.

Сонымен бірге, қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларында қарастырылған барлық шаралар орындалмайтындығын да атап өтті.

Елордада қаңғыбас жануарлардың саны өсіп келеді, бұл оларды аулауға күнделікті сұраныстар мен аулаған жануарлардың санының артуымен расталады.

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатына Астана ветсервис атына қала тұрғындарынан, ұйымдардан, зооволонтерлерден, жануарларды қорғаудың жеке қорларынан және Қаңғыбас және қараусыз иттер мен мысықтарды уақытша ұстау баспанасында жануарларды асырауға тәжірибеленуші экологтар қауымдастығынан көптеген шағымдар, өтініштер келіп түсуде.

«NOSA» жануарларды қорғаудың жеке қоры уақытша ұстау изоляторының қызметі туралы ақпараттардың дұрыс ұсынылмауы, сондай-ақ қараусыз қалатын жануарларға жатпайтын жануарларды иелерінің өтініші бойынша жою фактілері жөніндегі Астана ветсервис жұмысына наразылықтарын білдіреді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 448/62-V «Астана қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары туралы» шешімін іске асыру барысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

- ҚР Конституциясымен және ҚР заңдарымен кепілдік берілген азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға және санитарлық-эпидемиологиялық қолайлылығына құқықтарын қамтамасыз ететін заңнаманың негізгі талаптарын тұрақты негізде сақтау;

- барлық мүдделі ұйымдармен иттердің серуендеуін ұйымдастыру және иттердің еркін жүруінің уақытша режимін белгілеу туралы ұсыныстар әзірлеу;

- Астана қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын орындау бойынша жұмысты жалғастыру;

- елорда тұрғындарының өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларды болдырмау мақсатында қараусыз қалған жануарларды егу және жануарлардың өлекселерін уақтылы көму жұмыстарын жеделдету;


- елордада қаңғыбас жануарлардың санын азайту бойынша шаралар қабылдау және қаңғыбас жануарларды жайғастыру мақсатында халық арасында белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- Уақытша паналау орнында қаңғыбас және қараусыз қалған иттер мен мысықтар үшін қолайлы жағдайлар туғызу, вакцинациялау, зарарсыздандыру және норма мен стандарттарға сәйкес жануарларды ұстайтын торлар жасау;

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес депутаттар мен қала тұрғындарының барлық ұсыныстарын ескере отырып, мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 448/62-V «Астана қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары туралы» шешіміне өзгерістер енгізу бойынша мәселені пысықтау ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссияның төрағасы**



С. Жүнісов